



МРНТИ 14.01.11

Т.Д. Айтказина, М. Мұқаметқали, С.К. Омаров, Қ.З. Жунусова,  
Д.Р. Смакова

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі Республикалық ғылыми-практикалық білім мазмұнын сараптау орталығы, Астана, Қазақстан  
(e-mail: ai\_tolkyn73@mail.ru, mukametkali77@mail.ru, omarov.sk23@gmail.com, zhunusovakz@mail.ru, danarau.dr@gmail.com)

## Оқу әдебиеттерін сараптау технологиясы: мәдени-құндылық және психолінгвистикалық аспектілер

**Аңдатпа.** Мақалада оқу әдебиеттерін әзірлеудегі ең маңызды аспект болып табылатын мәдени-құндылық және психолінгвистикалық аспектілерді бағалау әдістемесі туралы айтылады. Оқу материалдарын оқулыққа енгізу кезінде онда ұлттың төл сипаты, мәдениеті, оның дүниетанымдық ерекшелігі, өзіндік мінез-құлқы мен психологиясы көрініс беріп тұру мәселесін назардан тыс қалдыруға болмайды. Өйткені бұл оқушының адамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген азамат болып қалыптасуына ықпал етіп, ұлттық сипатымызды сақтап, өз мәдениетіміздің өміршең болуына септігін тигізеді. Оқушылардың оқуға деген ынтасын арттыру үшін берілген материалдардың оларға түсінікті де қызықты болуы ең басты шарт. Мәтіндік материал қисынды, түсінікті және анық тілде жазылып, мәтіннің күрделілік деңгейі оқушылардың жасына және қабілеттеріне сәйкес келуі тиіс. Тілді қолдану білім алушыларды одан әрі өз бетінше оқуға ынталандыруға қажет. Оқулық тілінің негізгі міндеті – оқушылардың оқу ақпаратын қабылдау жылдамдығы мен оның ұзақ уақыт есте сақталуын қамтамасыз ету. Мектеп оқулығы сапалы дайындалып, ондағы мәтіндер оқушының тілдік құзыреттілігін орнықтырып, тілдік тұлға қалыптастыруға қызмет етуін қаласақ, сөз болып отырған мәселе әлі де жан-жақты зерттеліп, оқулық мәтініне қойылатын талаптар мен өлшемшарттар мейлінше нақтылана түсуі керек. Сондықтан оқулықтарды бағалау кезінде мазмұнының бала психологиясына сәйкестігін де негізгі аспект ретінде қарастыру қажет. Республикалық ғылыми-практикалық білім мазмұнын сараптау орталығында (бұдан әрі – Орталық) жүргізілген ғылыми зерттеулер барысында жасалған талдаулар мен тұжырымдарды негізге алына отырып, оқулықтың осы екі аспектісін ашуға тырыстық.

**Түйін сөздер:** оқулық, сараптау технологиясы, бағалау критерийлері, мәдени-құндылық, психолінгвистика, дескриптор, мәтін, оқушы, ресурс, әдістеме, білім беру, оқу материалдары.

DOI: <https://doi.org/10.32523/2616-6895-2023-144-3-11-23>

### Кіріспе

Қазіргі ғылыми-педагогикалық әдебиеттерде мектеп оқулықтары көпфункционалды жүйе ретінде, ал білім мазмұны оның негізгі ядросы ретінде қарастырылып, құрылымдық компоненттері оқулықтың негізгі функцияларын жүзеге асыруға бағытталуы қажет

екені аталады. Оқулықтар білімді таратудан басқа, мәдени түсініктердің маңызды тасымалдаушысы болып табылады. Олар әлеуметтік және мәдени құндылықтарды, сондай-ақ саяси идеологияларды қамтитын маңызды мақсаттарға қызмет етеді [1]. Сондықтан оқулықтың мазмұны мен құрылымын бағалау кезінде дидактикалық, әдістемелік, т.б. аспектілерімен қатар, елдің әлеуметтік, мәдени және саяси бірегейлігін ескере отырып әзірленуін ескеру қажет.

### **Міндеттердің қойылуы**

Соңғы жылдары әлемде және елде болып жатқан оқиғалар адамгершілік-құндылық қатынастардың қазіргі қоғамдағы маңыздылығын көрсетті. Әлемдік факторлар да қоғамда жастардың тәрбие жұмысының ғана емес, сонымен қатар тарихи және ұлттық құндылықтардың әлсірегенін көрсетеді.

Білім беру ресурстарының мазмұны жеке тұлғаның адамгершілік және рухани құрамдас бөлігін, мәдениетаралық құзыреттілікті, қоғамның позитивті мүшесінің адамгершілік-құндылық қасиеттерін табысты қалыптастыруға ықпал етуі тиіс. Білім беру ресурстарына құндылық ретінде салынатын осы идеяны іске асырудың негізгі шарттары: білім берудің ұлттық принциптерін дамыту және нығайту, ана тілі мен мәдениетіне басымдық беру болып табылады.

Оқулық мазмұны мен сапасын бағалаудағы тағы бір маңызды аспект – оқулықтың психологиялық және психолінгвистикалық талаптарға сай болуы. Оқулық мазмұнының оқу іс-әрекетінің психикалық заңдылықтарына сәйкестігі – оқушылардың интеллектуалды даму механизмдерін, оқытудың сыртқы және ішкі мотивациясының ерекшелігін, олардың жеке танымдық бейімділігін және т.б. ескеру. Оқулық тілінің тым күрделі болуы оқушылардың қызығушылығын төмендететін болса, тым жеңіл мәтіндер сөйлеу мен жазу дағдыларын дамыта алмайды. Сондықтан да адресаттың тілдік мүмкіндіктерін және олардың интеллектуалды деңгейін ескере отырып, оқулық мәтіндерінің лингвистикалық деңгейін нақты бағалай алу маңызды [2].

### **Зерттеу мақсаты**

Шетелдік және отандық оқулықтанушы ғалымдарының тәжірибесін зерделеу, қолданыстағы оқулықтарға психолінгвистикалық талдаулар жүргізу арқылы оқу материалдарының көлемі мен күрделілік деңгейінің оқушылардың психологиялық ерекшеліктеріне сәйкестігі, жаңа ұғымдар мен терминдердің білім алушылардың қабылдауына қарай икемделуі, оқулықта адамзаттық және ұлттық құндылықтардың берілуі сияқты мәселелерді талқылау.

Оқулықтар мен ОӘК шынайы әлемге үлкен әсер ететін, қызықты идеялар мен күрделі міндеттерге толы ғылым бола отырып, пәнге деген терең қызығушылықты дамытуға ықпал етуі үшін оқу материалдары қандай болуы керек? Бұл аспектілерді анықтау үшін қандай критерийлер қолданылуы керек?-деген сұрақтарға жауап іздеу.

### **Әдеби шолу**

Әлеуметтік-мәдени кеңістігімізді ұлт мүддесіне сәйкес қалыптастырамыз десек, болашақ ұрпақты тәрбиелейтін оқулық мазмұнын мықтап қолға алуға тура келеді. Бүгін халқымыздың рухани және материалдық мәдениеті айқын көрініс тапқан оқулықтардан білім алған жас қауым ертең ұлттық бірегейлігімізді анықтайды. Қазақстанның мәдени кеңістігін солар қалыптастырады. Ал мәдени кеңістік жеке адамның, тұлғаның қалыптасуына негіз қалайтын аса маңызды орта. Ол ұлт мәдениетінің өркен жаятын, ұлттың өзін еркін де жайлы сезініп, өсіп-өнетін алтын бесігі. Оның қалыптасып, ұлт мәдениетінің үстемдік құратын шағын көруіміз үшін ұлттық мәдени құндылықтар ұрпақ санасына отбасынан,

балабақшадан бастап сіңіріліп, мектепте пәндік білім берумен қатар бекітіліп отыруы қажет. Бұл – ұлттық оқулыққа қойылатын негізгі талаптардың бірі ретінде танылып, оқу бағдарламасы мен мектеп оқулықтарының алтын арқауы, өзегі ретінде оның өн бойынан көрініс тауып отырса, этнос мәдениетіне негізделген ұлттық бірегейлікке қол жеткізуге берік негіз қаланады.

Оқулық – ұлт мәдениетінен нәр алған елін сүйетін нағыз отаншыл азаматтарды, ұлттың тұлғаларын тәрбиелейтін тәлім құралы. Ішіне осындай мәдени ақпаратты толтырған, жас ұрпақтың санасына ұлт мәдениетін сіңіретін мәтіндер оқулықтан орын алса, ондай құрал ұлттық бірегейлікке бастайтын, ел бірлігіне қызмет ететін құнды оқулық әдебиет болады [3].

Оқулықтың мәдени-құндылық аспектісі әлемдік стандарттарға сәйкес келуі және отандық мәдениеттің ерекшелігін көрсетуі тиіс. Қазақстанның жаңа білім беру саясатына сәйкес, білім беруге қатысты айқындаушы мән балалардың жеке басын, құндылықтар жүйесін қалыптастыруға, ұлттық, мәдени дәстүрлерді сақтауға бағытталуы тиіс. Бұдан басқа, білім берудің базалық құндылықтарын: «Қазақстандық патриотизм және азаматтық жауапкершілік», «Құрмет», «Ынтымақтастық», «Еңбек және шығармашылық», «Ашықтық», «Өмір бойы білім беру» дағдыларын үйрету маңызды. Бұл құндылықтар білім алушылардың тұрақты тұлғалық бағдарына айналуға және олардың күнделікті іс-әрекеттеріндегі жағымды мінез-құлқын ынталандыруға арналған. Олар оқу бағдарламасында және сәйкесінше барлық білім беру ресурстарында көрініс табуы керек. Кез-келген білім беру ресурстарының мазмұнын бағалау кезінде бұларды ескеру маңызды [4].

Ұлттық мәдени құндылықтардың басқа елдердің оқулықтарында қалай бағаланатынын анықтау мақсатында Түркия, Корея, Канада, Ресей елдерінің оқу әдебиеттерін бағалау критерийлерін зерделедік. Түркия критерийлерінде Конституцияға және басқа да тиісті заңнамалық актілерге қайшылықтардың болмауы, Түрік Туының бейнесі, оның оқулық бетіндегі орналасуы Ту туралы Заңға сәйкес ешқандай дау-дамай туғызбауы, Түркия Республикасын халықаралық аренада ұятқа қалдыратын немесе ұлттық мүдделерге нұқсан келтіретін мазмұнның болмауы сияқты параметрлер келтірілген [5]. Корея Республикасының критерийлерінде оқулық мазмұнында Корея Республикасының аумағы Корей түбегі және оған қосылған аралдар екендігі туралы ақпаратты теріске шығару, бұрмалаудың болмауы, Корея Республикасының заңдылығы мен мемлекеттілігін теріске шығару, бейбіт саясатына, Ұлттық рәміздеріне, мысалы, «тэгики (мемлекеттік ту)» және Ұлттық Әнұранға қатысты бұрмалау фактілерінің болмауы қатты назарға алынған. Сонымен қатар белгілі бір мемлекетке, нәсілге немесе этникалық топқа әділетсіз үгіт-насихат, мақұлдау, бұрмалау және (немесе) жала жабудың болмауы туралы критерийлер қарастырылған [6]. Канада критерийлерінде мазмұнның толығымен канадалық бағытта болуы көзделеді. Канада елінің жетістіктерінің мойындалуы және мүмкіндігінше канадалық мысалдар мен сілтемелердің қолданылуы керек. Оқулықта канадалық орфография ережелері және SI бірліктері (Système international d'unités – халықаралық өлшем бірліктер жүйесі) қолдануы тиіс. Оқулықтар Канадада басылып шығуы тиіс және мүмкіндігінше Канадалық азаматтарға, тұрғындарға жазылып, бейімделіп, аударылуы тиіс [7].

Ресей критерийлерінде оқулықта отбасылық құндылықтарды жоққа шығаратын, дәстүрлі емес жыныстық қатынастарды насихаттайтын және ата-анаға және (немесе) отбасының басқа мүшелеріне құрметсіздік қалыптастыратын ақпараттың болмауы, заманауи ғылымның, техниканың және технологияның озық жетістіктері туралы мәліметтердің, ғылым, мәдениет қайраткерлерінің, сондай-ақ көрнекті өнертапқыштар мен инженерлердің ғылымды, мәдениетті және технологияны дамытуға қосқан үлестерінің көрініс табуы сияқты критерийлер берілген [8].

Отандық оқулықтардағы мәдени-құндылық аспектілер келесі критерийлер бойынша бағаланады:

- оқулықтың МЖМБС-да айқындалған базалық құндылықтарға шоғырлануы, тақырыптар мен міндеттердің тәрбиелік міндеттерді іске асыруға бағытталуы;
- оқулық мазмұнының білім алушылардың бойында қазақстандық азаматтық бірегейлікті, Отан үшін патриотизм мен мақтаныш сезімін қалыптастыруға бағытталуы;
- оқу материалдарының мазмұнында гендерлік және әлеуметтік теңдіктің, этномәдени топтар мен діндерге құрметпен қарау, мүмкіндігі шектеулі адамдарға толерантты қарым-қатынастың сақталуы;
- оқу материалдары әртүрлі кәсіптегі адамдардың еңбегіне деген құрметті қалыптастыруға ықпал етеді және білім алушылардың кәсіби бағдарлануына бағытталған.

### **Зерттеу әдістері**

Бұл зерттеуде келесі сапалық зерттеу әдістері қолданылды:

- теориялық әдістер: ғылыми, әдістемелік әдебиеттерге шолу, зерттелетін мәселе бойынша нәтижелерді жүйелеу.
- эмпирикалық әдістер: қолданыстағы оқулықтарға психолингвистикалық талдау жүргізу;

Оқулықтарды сараптау әдістерін зерделеу мақсатында шетелдік және отандық әдебиеттерге шолу жасалды. Шолу ғылыми дереккөздерді іздеуге негізделген Google Scholar, Science Directті ғылыми мақалаларға және ғылыми-әдістемелік жұмыстарға сүйеніп жасалды. Әдебиеттерді іздеу кілт сөздер бойынша жүргізілді: оқулық, сараптау технологиясы, бағалау критерийлері, мәдени-құндылық, психолингвистика, дескриптор.

Жинақталған деректер бойынша зерттеу мақсаттары мен сұрақтары негізінде синтез жасалып, нәтижелер жүйеленді. Зерттеу негізінен соңғы онжылдықтағы деректерге бағытталғанмен, бұрынғы басылымдарда табылған маңызды ақпараттар ескерілді.

### **Нәтижелер мен талдаулар**

Зерттеу барысында қолданыстағы кейбір оқулықтардың мазмұнындағы мәдени-құндылық аспектілердің берілу деңгейіне талдау жасалған болатын.

Мысалы, 2-сыныптың Қазақ тілі оқулығындағы тапсырмада «Суретке сүйеніп, өз отбасыңның шежіре ағашын жаса» делінген, бірақ суретте баланың әкесі мен шешесі ата-анасының суреті, яғни нағашы ата-әжесі мен өз ата-әжесі берілген. Шежіре тек әкесінің ата тегінен құрылады. Тапсырманың берілуі балада жалған түсініктің қалыптасуына ықпал етеді. 5-сыныптың оқулығында Тудың суреті еш мақсатсыз және оқулық бетінің төменгі жағында берілген. Суретке қатысты тапсырма берілмеген. Тура осы жағдай оқулықтың 47-бетінде кездеседі. Тақырып тәуелсіздікке қатысты болғанмен, бос орынды толтыру үшін Тудың суретін қоя беру ұлттық рәмізге деген құрметті білдірмейді.

6-сыныпта Жайлау туралы тақырыпта берілген мәтіндер, өлеңдер мен тапсырмалар оқушылардың жас ерекшелігіне сәйкес, ұтымды алынғанмен, жайлау туралы сұхбат құруға қатысты 11-тапсырмада жайлауға бару, суықтап қалу, далада ұйықтау, қорқу, атқа міну, құлап қалу, мал бағу, шаршау, жайлауға барғым келмейді, жайлаудың ауасы суық деген сияқты ылғи негативті жағдаяттар неге алынғаны түсініксіз. Астында берілген суреті де көмескі, жалғыз қараша үй бейнеленген. Қазіргі қазақ ауылы мен қаланың тіршілігі тақырыбы бойынша таңдалған тақырыптар мен иллюстрацияларда ауыл бейнесі тек жайлау және киіз үймен бейнеленген. Тақырып бойынша берілген 5 иллюстрацияның бесеуінде де тек қана киіз үй мен жайлау бейнеленген. Берілген оқу ақпаратының шынайы болуы қағидаты сақталмаған. Қазіргі ауыл бейнесі мүлде суреттелмеген. Сонда ауылда болмаған қаланың баласында ауыл туралы тек жайлау мен киіз үй жайында ассоциация туындау керек пе?

Әрине, әдебиет, тарих, қазақ тілі сияқты ұлт болмысымен тығыз байланысты пәндердің оқулықтарында қазақ мәдениеті ерекше көрініс беріп, этникалық бірегейлікке үндеп

тұратын мәтіндердің көп болуы табиғи нәрсе деуге болады. Алайда тек гуманитарлық, қоғамдық ғылымдар негіздері жөнінде білім беретін оқулықтар ғана емес, жаратылыстану, техника ғылымдарының негіздерін оқытатын ұлттық оқулықтарда да мәтіннің этномәдени сипатына мән берілгені дұрыс. Бұл тұрғыда бізге ХХ ғасыр басында алаш оқығандары жазған төл оқулықтар үлгі бола алады. Қазақ тілінде жазылған төл оқулықтарды айтпағанда, өзге тілдерден аударылған оқулықтардың өзін алаш білімпаздары қазақ баласының таным-түсінігіне барынша бейімдеп берген. Оқулықты қазақ ұғымына, ұлттың тұрмыс-тіршілігіне лайықтап жазудың, аударудың жарқын үлгісін алаш көсемі Әлихан Бөкейхан еңбектерінен көруге болады. Сөзіміз дәлелді болу үшін Әлихан Бөкейхан аударған К. Фламарионның «Астрономия әліпбиі» («Общедоступная астрономия») еңбегінен бірер мысал келтірелік.

Бірінші мысал: «Известно, что тень от какого-то предмета напоминают своим видом самый этот предмет. Если перед стеною, освещенною солнцем или лампой, поместить квадратную тетрадь, то тень от этой тетради на стене будет также квадратною. Тень же от мячика будет круглою, как бы мы ни повёртывали мяч». (К. Фламарион. *Общедоступная астрономия*. – Берлин, 1922. С.21)

Екінші мысал: «Көлеңке нәрсе секілді: ат көлеңкесі ат секілді, кісі көлеңкесі кісі секілді, құс көлеңкесі құс секілді. Күнге қарсы төрт бұрышты қағаз ұстасақ, көлеңкесі де төрт бұрышты болады. Шамға, лампаға – әйтеуір – жарыққа допты ұстасақ – көлеңке дөңгелек болады» (Әлихан Бөкейхан. *Шығармаларының толық жинағы*. – Астана, 2013. 8-том. К. Фламарион. *Астрономия әліппесі*. Аударған Қыр баласы. 232-бетте) [3].

Оқу бағдарламасына сәйкес жазылған оқулық мазмұны негізінен ондағы мәтіндер арқылы беріледі. Сол себепті мәтінді түзу немесе дайын мәтінді таңдап алып оқулыққа енгізу кезінде онда ұлттың төл сипаты, мәдениеті, оның дүниетанымдық ерекшелігі, өзіндік мінез-құлқы мен психологиясы көрініс беріп тұру мәселесін назардан тыс қалдыруға болмайды. Егер біз ұлттық сипатымызды сақтап, қазақтық қалпымызды жоғалтқымыз келмесе, өз мәдениетіміздің өміршең болуын қаласақ, онда оқу бағдарламалары мен оқулықтарымыз да соған бағытталуға тиіс. Оқулықтан оның қай мәдениеттің өкіліне арналғандығы, білім алушының, тәрбиеленушінің санасына қандай мәдениетті, нендей ұлттық құндылықты сіңіру мақсат етілгендігі байқалып тұруы керек.

Оқулықтағы оқу материалдарын таңдауда психологиялық талаптарды ескеру ең алдымен оқушының денсаулығын сақтай отырып, оқу жүктемесінің шамадан тыс артық болудан сақтауға мүмкіндік береді. Оқу материалдарын оқулыққа жүйелеуде пәндік мазмұнды оқушының жасына, сол жасқа сәйкес психикалық дамуына негіздей отырып, ұсынылатын тапсырмаларды оқушылардың мүмкіндіктері мен қабілеттеріне орай ұйымдастыруға болатындай етіп іріктеу маңызды. Оқулықта таңдалған оқу материалдары оқушы үшін мазмұнды да қызықты болып, олардың өздігінен білім алуға ынтасын, позитивтік ойлауын қолдауға негізделуі керек.

Оқулық мазмұнының психологиялық және психолінгвистикалық аспектілері келесі критерийлермен бағаланады:

- мәтіннің, сөйлем құрылымының және сөз тіркестерінің оқушылардың жас ерекшелігіне, мазмұнды жақсы түсіну міндеттеріне сәйкестігі;
- оқулық мазмұнының білім алушылардың пәнді тереңдетіп оқуға деген ынтасын дамытуға бағытталуы;
- оқулықтың көрнекі-иллюстрациялық материалының білім алушылардың жас ерекшеліктеріне, психологиялық ерекшеліктеріне, этикалық және эстетикалық түсініктеріне сәйкестігі;
- тәжірибеге бағытталған тапсырмалар мен жаттығулардың сөйлеу әрекетінің түрлерін дамытуға бағытталуы;
- оқулықта оқушы денсаулығы мен өміріне психологиялық және физикалық қауіп төндіретін материалдардың немесе ақпараттардың болмауы.

Орталықта жүргізілген ғылыми жоба аясында 1-11 сынып аралығындағы оқушылардың тілдік тұлғасының психолінгвистикалық ерекшеліктерін анықтауға арналған сауалнама

жүргізілген болатын [9]. Аталған сауалнамаға сандық-сапалық талдау жасау нәтижесінде сабаққа дайындық кезінде оқулықты мектеп оқушыларының 46,9% әрқашан, 37,2% жиі пайдаланамыз деп жауап берген. Осы екеуін қосқанда оқушылардың 84,1% оқулықты үнемі пайдаланатыны анықталып отыр. Ал сирек қолданатын 11,6% бен қалған 5%-ды қосқанда 16,6%. Бұл шындыққа сәйкес келетін көрсеткіш. Бұл мәліметтер оқушылардың басым бөлігі оқулыққа жүгінетінін, оқулықтың білім алудың негізгі көзі екенін көрсетеді. Ал 16,6% оқулық сапасын әлі де жетілдіру қажеттігін көрсетеді (1-диаграмма).



Диаграмма 1.

Оқулықтардағы барлық материалдар қолжетімді және түсінікті ме? деген сұраққа оқушылардың жартысынан астамы, яғни 55%-ы ғана «иә» деп жауап беріп, ал қалған 43,3%-ы «кейбір оқулықтарды түсіну қиын деп жауап беруі алаңдатарлық, ойланарлық жағдай (2-диаграмма).




Диаграмма 2.

Бұл жауап екі түрлі қорытынды жасауға жетелейді. Біріншісі – оқулықтардың тілі ауыр, берілген материалдар оқушы жасына сай емес. Екіншісі – оқушылардың басым бөлігі тиісті бағдарламаны игере алмайды. Екі факторды ескерген күннің өзінде оқулық тілі мен ондағы берілген мәліметтердің анық-қанықтығы, түсініктілігі, бала жасына сай болу мәселесі қатаң ескерілуі қажет екені айқын көрініп отыр.

Сауалнамаға қатысқан оқушылардың төрттен біріне жуығы, яғни 23,1% оқулықта термин өте көп, бәрін меңгеру, есте сақтау қиын деп жауап беруі оқулықтағы термин қолданысына ерекше мән берілуі керектігін көрсетеді (3-диаграмма).



Диаграмма 3.

Сен пайдаланатын оқулықтардан жеткілікті білім аламын деп ойлайсың ба? – деген сауалға респонденттердің 71,4%-ы оқулық арқылы тиісті білім алатынын айтуы тәуір көрсеткіш болғанымен, 14,4%-ының кейбір оқулықтардан ғана деуі, ал 9,5%-ының білімді интернеттен көбірек аламын деп жауап беруі оқулық сапасының айтарлықтай жоғары емес екенінен хабардар етеді. Алдағы уақытта оқулық жазу кезінде бұл пікірлер ескерілуге тиіс (4-диаграмма).



Диаграмма 4.

Аталған жоба аясында сонымен қатар 1-11 сынып оқулықтарына психолингвистикалық талдау жүргізілген болатын [10]. Талдау барысында байқалған кейбір кемшіліктерді көрсету арқылы алдағы уақытта оқу әдебиеттеріне сараптама жүргізу кезінде осы кемшіліктерді баса назарға алу қажет деп есептейміз. Төменде 7-11 сыныптарға арналған биология оқулығы мысалында бірнеше кемшіліктерді келтіре кетуді жөн көрдік:

1) біз танысқан оқулықтардың дені (барлығы десек те болады) алдымен орыс тілінде жазылған оқулықтардың аудармасы. Яғни, жаратылыстану, биология оқулықтары қазақ мектебіне, тікелей қазақтың ұл-қызына арналып жазылмаған. Бұл – үлкен кемшілік. Авторлардың биология пәнінің жақсы маманы болуымен қатар (оған күмәніміз жоқ) елдің, жердің жағдайын, қазақтың тілі мен мәдениетін, менталитетін, оқушылардың этникалық ерекшелігін де жақсы білетін мамандар болғаны жөн. Біз қарастырып отырған психолингвистикалық және мәдениетаралық ерекшеліктер осы жерде айрықша ескерілуі керек;

2) аударма оқулықтар болғандықтан олардың тілі өте ауыр әрі түсініксіз. Аударылу деңгейі, сапасы бірдей емес. Мәселен, безендірілуі тәп-тәуір болғанымен 7-сыныпқа арналған биология оқулығы өте нашар аударылған. Онда түсініксіз, орыс сөйлемін айна-қатесіз көшірген, сәтсіз жасалған калька тіркестерді тізе берген тұстар жиі ұшырасады.

Оқулықтағы стильдік кемшіліктер көбінесе содан туындаған. Қазақша жатық құрылмаған сөйлемдерді әр бетінен келтіре беруге болады;

3) оқулық мәтіндері өте көлемді. Мысалы, 7-сыныпқа арналған биология оқулығындағы орта есеппен 3-6 беттік мәтіндер беріледі. Оларды оқып түсінуден бұрын көлемін көргенде-ақ оқушының беті қайтып қалады;

4) оқулықтарда терминдер өте көп қолданылады. Оқушылардың жас ерекшелігі, барлық терминнің мәнін ұғып, олардың мағынасы арқылы берілетін ғылыми ақпараттарды толық қабылдау мүмкіндігі ескеріле бермейді. Авторлар көбінесе өз деңгейі тұрғысынан, кәсіби дайындығы мол, пән терминологиясын толық меңгерген маманға арналғандай жазатын тұстары көп ұшырасады. Оқулықтардан сынауық, несепнәр, үлескі, нәруыз, сірқабық сияқты ондаған жаңа терминдерді де витилиго, гипертрихоз, гипогликемия, дендрит, лимфаденит, окситоцин, протромбин, синапс, фагоцитоз, хоаны тәрізді кірме терминдерді де көптеп кездестіруге болады.

5) терминдер қолданысында бірізділік жетіспейді. Мысалы, бір ғана термин бір оқулықта «шағылу», екіншісінде «шағылысу» немесе кобра – кеңалқым – көзілдірікті жылан деп үш түрлі қолданылады. Оқушы биыл оқыған, жадына тоқыған атауын келесі сыныпта басқаша атап, оның орнына мүлде басқа терминді қолдануына тура келеді. Бұл – нағыз шатастыру.

6) кей оқулықтарда негізгі мәтіндегі ақпарат пен оның мәнін аша түсу үшін берілген қосымша ақпараттар сәйкес келмей, қарама-қайшы келіп жататын жағдайлар ұшырасады. Мысалы: Негізгі мәтінде «Жердің жалғыз серігі бар. Ол – Ай.» (24-б.) деп берілсе, сол беттегі 15-сурет астына: «Ай – Жердің ең әдемі серіктерінің бірі» деп беріледі. Мұны оқыған оқушыда: «Сонда жердің қанша серігі бар?» деген сұрақ туындары сөзсіз.

Психолінгвистикалық талдау барысында көптеген оқулықтарда берілген оқу материалдарының көлемі мен күрделілік деңгейінің, мазмұндау тілі мен лексикасының оқушылардың психологиялық ерекшеліктеріне сәйкес келе бермейтініне, жаңа ұғымдар мен терминдердің білім алушылардың қабылдауына қарай икемделмейтініне, иллюстрациялық материалдар санының аздығына және кейбіреулерінің оқу мазмұнын меңгерту мақсаттары мен міндеттеріне сәйкес келмейтіндігіне көз жеткіздік.

Жоғарыда аталғандарды ескере отырып, оқулықтағы материалдарды оқушының қабылдауына жеңіл, түсінікті және қызықты етіп құрастыру үшін оқу әдебиетінің тіліне, мәтіндік және мәтіннен тыс аппаратына белгілі бір талаптардың сақталуы қажет деп есептейміз.

«Білім беру мазмұны мен білім беру ресурстарының сапасын бағалау жүйесі мен сараптаудың электрондық платформасын әзірлеу» жобасын орындау барысында білім беру ресурстарына сараптама жүргізудің әлемдік және отандық тәжірибесіне талдаулар жүргізіліп, солардың нәтижесінде білім беру ресурстарына қойылатын психологиялық-педагогикалық және эргономикалық талаптар әзірленді. Аталған талаптар негізінде оқулықтың ең негізгі 10 аспектісі бойынша оқу әдебиеттерін бағалау критерийлері мен технологиялық картасы әзірленді. Солардың ішінде оқу әдебиеттеріндегі мәдени құндылық және психологиялық, психолінгвистикалық аспектілер тақырыбымызға арқау болып отыр. Бұл екі аспекті оқулық мазмұнын құраушы негізгі компонентке жатқызуымызға болады.

Халықаралық тәжірибеде оқулықтарды сараптаудың әртүрлі жүйесі қолданылады. Солардың ішінде сараптаманың ең көп таралған түрі-оқулықтың маңызды сипаттамаларын «құрылымдық сараптау». Олар ең басында анықталады және тиімді оқулықтың негізгі және құнды ерекшеліктерін біріктіреді. Мысалы, AAAS 2061 жобасында оқулықтар білімді жақсы құрылымдалған түрде ұсынып қана қоймай, сонымен қатар оқушылардың осы білім арқылы қандай мақсаттарға жету керектігін түсіндіруі керектігі жайлы аталған. Бұл жобада критерийге қаншалықты сәйкес келетінін бағалау үшін әрбір критерийден кейін сапа көрсеткіштерінің тізімі беріледі. Бағалау кезінде критерий көрсеткіштерінің қаншасы сәйкес келуіне байланысты, «өте жақсы», «қанағаттанарлық» және «нашар» бағалары қойылады [11].



Осы және басқа да әдістер мен зерттеулерге сүйене отырып, оқулықтардың бағалау критерийлерінің көрсеткіштерін нақтылау мақсатында әрбір критерийге дескрипторлар әзірленді. Дескрипторлар жоғары сапалы мектеп оқулығында болуы керек барлық негізгі және динамикалық сипаттамаларды қамтып, оқу әдебиеттерінің критерийлерге сәйкестігін бағалауда қолданылатын болады.

Мысалға оқулықтың мәдени-құндылық аспектісін бағалауда қолданылатын оқулық мазмұнының білім алушылардың бойында қазақстандық азаматтық бірегейлікті, патриоттық сезімді және Отан үшін мақтаныш сезімін қалыптастыруға бағытталуы критерийінің көрсеткіштері ретінде келесі дескрипторлар таңдап алынды:

1) Қазақстан Республикасының ұлттық-мәдени, жалпы адамзаттық және отбасылық құндылықтары туралы оқу материалдары мен иллюстрациялар ұсынылған;

2) мазмұны білім алушылардың этикалық, рухани-адамгершілік қасиеттерін (адамгершілік, мейірімділік, борыш, ар-намыс, ар-ождан, қадір-қасиет, еңбексүйгіштік сезімдері) дамытуға ықпал етеді;

3) мазмұнында (соның ішінде иллюстрацияларда) ұлттық дәстүрге және отбасылық құндылықтарға, адамгершілік нормалары мен салауатты өмір салтына қайшы келетін материалдар көрініс таппаған;

4) Қазақстан Республикасының халықаралық имиджіне және ұлттық мүдделерге зиян келтіретін материалдар жоқ;

5) мазмұнында Қазақстан Республикасының табиғи және тарихи ерекшеліктері туралы оқу материалдары мен иллюстрациялар берілген;

6) мазмұнында Қазақстан Республикасының қазіргі заманғы ғылымының, техникасы мен технологияларының озық жетістіктері туралы мәліметтер мен ғылыми-танымдық ақпараттар берілген;

7) мазмұнында Қазақстанның ғылыми-техникалық, әлеуметтік-экономикалық және мәдени дамуына үлес қосқан ғылым, техника, мәдениет және спорт қайраткерлері туралы мәліметтер ұсынылған.

Оқулықтың аталған критерийге сәйкестігі келесі схема арқылы жүргізіледі:

Бағалауда 4 деңгейлі бағалау шкаласы қолданылады (0, 1, 2, 3 балл). Оқу материалдары критерийдің барлық 7 көрсеткішіне сәйкес келсе, 3 балл қойылады; оқу материалдары критерийдің 4 көрсеткішіне сәйкес келген жағдайда 2 балл қойылады; оқу материалдары көрсеткіштердің екеуіне ғана сәйкес келсе, 1 балл қойылады. Егер оқу материалдары көрсеткіштердің ешқайсысына сәйкес келмесе, 0 балл қойылады.

Оқулықтың психологиялық және психолінгвистикалық аспектісіне қатысты оқулықта оқушы денсаулығы мен өміріне психологиялық және физикалық қауіп төндіретін материалдардың немесе ақпараттардың болмауы критерийін келесі дескрипторлар арқылы бағалауға болады:

1) мазмұнында салауатты өмір салтын қалыптастыруға, қатыгездіктің, діни экстремизм мен азғындықтың көрініс табуына, сыбайлас жемқорлыққа жол бермеуге тәрбиелеу құралдарының болуы;

2) мазмұнында (соның ішінде иллюстрацияларда) қорқыныш тудыратын, суицидке итермелейтін, қатыгездік пен зорлық-зомбылықты, экстремизм мен терроризмді бейнелейтін материалдардың болмауы;

3) жаман әдеттерді суреттейтін материалдардың (егер оқу мақсаттарында көзделмесе) болмауы;

4) адамдарға немесе жануарларға қатысты зорлық-зомбылықты бейнелейтін материалдардың (соның ішінде иллюстрациялардың) болмауы;

5) әлеуметтік желілерге, білім беру және басқа сипаттағы бейресми веб ресурстарға сілтеме жасалмауы.

Оқу материалдары критерийдің барлық 5 көрсеткішіне сәйкес келсе, 3 балл қойылады; оқу материалдары критерийдің 3 көрсеткішіне сәйкес келген жағдайда 2 балл қойылады; оқу материалдары көрсеткіштердің 2-не сәйкес келсе, 1 балл қойылады. Егер оқу материалдары көрсеткіштердің ешқайсысына сәйкес келмесе, 0 балл қойылады.

Критерийлерді дескрипторлар арқылы бағалау сарапшылардың субъективті пікірін азайтып, оқулық сапасын нақты өлшеуге ықпал етеді деп есептейміз. Бұл зерттеуде түрлі құжаттарға талдау жүргізу және деректерді жинау арқылы оқулық сапасының әртүрлі көрсеткіштерін анықтауға тырыстық.

### Қорытынды

Бағалаудың кез-келген түрін жүргізу кезінде бағалау нысанын нақты анықтау маңызды. Критерийлер негізінде мұқият өңделген бағалау схемасы бағалаудың сенімділігін едәуір артады. Бағалау мақсаттарын тиісті деңгейде толық қамтуға кепілдік беру үшін дәлдік принципін қолдану қажет. Сараптамалық шешімдерді қабылдау кезінде жарамдылық пен тиімділік арасындағы тепе-теңдіктің сақталуы қажет [12].

Қазіргі таңда мектеп оқушыларының оқулықтың тілін түсінбей қиналатын тұстары бар екендігі көптеп айтылып жүр. Бұл бір жағынан оқушылардың ақпаратты оқып, іздегеннен гөрі интернет бетінен іздеп, қарай салуға, жалпы жеңіл жағына қарай бет бұруға деген ұмтылысы болса, екінші жағынан біздің оқулықтарымызда берілген материалдардың психологгингвистикалық аспектісінің сараптама жасауда ескерілмеуі болып табылады. Оқулық оқушының күрделі мәселелерді түсінуіне көмектесіп, одан әрі пәнді қызыға оқуын ынталандыратын маңызды құрал болып табылады. Сол себепті де оқулық әзірлеуде пән бойынша білім жүйесімен қамтамасыз етумен қатар, психологиялық, дидактикалық, лингвистикалық және т.б. аспектілерді ескеру өте маңызды. Оқулық жоғарыда аталған критерийлерге толық сәйкес келген жағдайда оқушының адамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген азамат болып қалыптасуына ықпал етіп, мазмұны бала психологиясына сай, қызық әрі түсінікті болады.

**Қаржыландыру.** Зерттеу жұмысын ғылыми, ғылыми-техникалық жобаларды бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру шеңберінде «Білім және ғылым жүйесін жаңғыртудың ғылыми негіздері» OR 11465474 бағдарламасы аясында Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің Республикалық ғылыми-практикалық білім мазмұнын сараптау орталығы жүргізді.

### Әдебиеттер тізімі

1. Михеева С.А. Система формализованных критериев оценки школьного учебника // Вопросы образования. – 2015. – № 4. – С. 147-183.
2. Дүйсебекова Ж.М., Омаров С.К., Айтказина Т.Д. Оқу әдебиеттерінің тіліне, мәтіндік және мәтіннен тыс аппаратына қойылатын психолінгвистикалық талаптар. Әдістемелік нұсқаулық. – Астана: БМСО, 2022. – 46 б.
3. Дүйсебекова Ж.М., Құрманбайұлы Ш. Оқу әдебиеттерінің тіліне, мәтіндік және мәтіннен тыс аппаратына қойылатын психолінгвистикалық талаптар: теориясы мен практикасы. Ұжымдық монография. – Астана: БМСО, 2022. – 172 б.
4. Абдиганбарова У., Амреева Т. Актуальность формирования критериев оценки нравственно-ценностных аспектов образовательных ресурсов в современных условиях на примере этнокультурной составляющей // Педагогика и психология. – 2022. – №1(50). – С. 201-208. DOI: 10.51889/2022-1.2077-6861.21.
5. Оқулықтар мен оқу құралдарының жобаларын және олардың электрондық мазмұнын бағалау критерийлері мен түсіндірмелері. Түркия Республикасының Ұлттық білім министрлігі. [Электронды ресурс] –URL: <https://ttkb.meb.gov.tr/www/ders-kitaplarinin-incelenmesi/kategori/10> (жүгінген күні: 13.01.2023).
6. Кореяның оқу бағдарламалары мен бағалау институты, зерттеу тезистері, оқу мәтіндерінің оқылуын бағалауды зерттеу. [Электронды ресурс] –URL: <https://www.kice.re.kr/boardCnts/view.do?boardID=1500254&boardSeq=5076398&lev=0&m=0302&searchType=S&statusYN=W&page=2&s=english> (жүгінген күні: 12.01.2023).

7. Оқулықтарға және электрондық оқу басылымдарына қойылатын талаптар мен критерийлерді әзірлеудің халықаралық тәжірибесін Қазақстанда енгізу бойынша нақты қорытындылары мен ұсыныстары бар талдау. – «САВВИ Бизнес – Астана-кітап» консорциумы, 2020.

8. Ресей Федерациясының Білім министрлігі бастауыш жалпы, негізгі жалпы, орта жалпы білім берудің мемлекеттік аккредиттелген білім беру бағдарламаларын іске асыруда пайдалануға рұқсат етілген оқулықтардың федералды тізімін қалыптастыру тәртібін бекіту туралы. [Электронды ресурс] – URL: <https://www.garant.ru/products/ipo/prime/doc/403106744/> (жүгінген күні: 08.01.2023).

9. 1-11 сынып аралығындағы оқушылардың тілдік тұлғасының психолінгвистикалық ерекшеліктерін анықтауға арналған сауалнама нәтижелері. – Астана: БМСО, 2021.

10. AAAS Project 2061. Textbook Evaluations [Электронды ресурс] – URL: <http://www.project2061.org/publications/textbook/> (жүгінген күні: 08.01.2023).

11. 1-11 сынып оқулықтарын психолінгвистикалық талдау нәтижелері. – РҒП БМСО, 2021.

12. Руководство по оцениванию, НИШ, [Электронды ресурс] – URL: [www.cpi.nis.edu.kz](http://www.cpi.nis.edu.kz) (жүгінген күні: 02.02.2023).

**Т.Д. Айтказина, М. Мұқаметқали, С.К. Омаров, К.З. Жунусова,  
Д.Р. Смакова**

*Республиканский научно-практический центр экспертизы содержания образования Министерства образования и науки, Астана, Казахстан*

### **Технология экспертизы учебной литературы: культурно-ценностные и психолінгвистические аспекты**

**Аннотация.** В статье речь идет о методике оценки культурно-ценностных и психолінгвистических аспектов, являющихся основными аспектами учебной литературы. При включении учебных материалов в учебник важно помнить о том, чтобы в нем отражались самобытный характер нации, культурные особенности, мировоззренческая специфика и ее психология, потому что эти факторы способствуют жизнеспособности нашей культуры, прививают учащимся человеческие и национальные ценности. Главным условием повышения мотивации у учащихся к обучению является предоставление понятных и интересных материалов. Текстовый материал должен быть написан логичным и понятным языком, уровень сложности текста должен соответствовать возрасту и способностям учащихся. Использование языка должно мотивировать обучающихся к дальнейшему самостоятельному обучению. Основной задачей языка учебника является обеспечение скорости восприятия обучающимися учебной информации и ее долговременной памяти. Если мы хотим, чтобы школьный учебник был качественно подготовлен, а тексты в нем служили для закрепления языковой компетентности учащегося и формирования языковой личности, данная проблема должна быть всесторонне изучена, а требования и критерии к тексту учебника максимально конкретизированы. При оценке учебников в качестве основного аспекта необходимо рассматривать соответствие содержания возрастной психологии школьников. Основываясь на анализе и выводах, сделанных в ходе научных исследований, проведенных в Республиканском научно-практическом центре экспертизы содержания образования, мы попытались раскрыть эти два аспекта учебника.

**Ключевые слова:** учебник, технология экспертизы, критерии оценки, культурно-ценностный, психолінгвистика, дескриптор, текст, ученик, ресурс, методика, образование, учебные материалы.

**T.D. Aitkazina, M. Mukametkali, S.K. Omarov, K.Z. Zhunusova,  
D.R. Smakova**

*Republican Scientific and Practical Center for Educational Content Expertise of the Ministry of Education of  
the Republic of Kazakhstan*

### **The technology of educational literature expertise: cultural-values and psycholinguistic aspects**

**Abstract.** This article deals with the methods of evaluation of cultural values and psycholinguistic aspects, which are the main aspects of educational literature. When including learning materials in a textbook, it is important to remember that they reflect a nation's identity, cultural characteristics, worldview, and psychology. This is because these factors contribute to the vitality of our culture and convey human and national values to the student. The most important condition for increasing students' motivation to learn is to provide comprehensible and interesting materials. The text material should be written in logical, clear, and understandable language, and the level of difficulty of the text should be appropriate to the age and ability of the learners. Language use should motivate learners to continue learning independently. The main task of textbook language is to ensure that learners understand the information quickly and retain it in their long-term memory. If a textbook is to be well-prepared and the texts are to strengthen learners' language competence and form a linguistic identity, the problem must be researched extensively and the requirements and criteria for the textbook text must be defined as concretely as possible. Therefore, when evaluating textbooks, the relevance of the content to the age-specific psychology of students must be considered as a key aspect. Based on the analysis and conclusions of scientific research conducted at the Republican Scientific and Practical Center for Educational Content Expertise, we have tried to show these two aspects of the textbook.

**Keywords:** textbook, expertise technology, evaluation criteria, cultural-value, psycholinguistics, descriptor, text, student, resource, methodology, education, educational materials.

### **References**

1. Miheeva S.A. Sistema formalizovannykh kriteriev ocenki shkol'nogo uchebnika [A system of formalized criteria for evaluating a school textbook], *Voprosy obrazovaniya [Education issues]*, 4, 147-183 (2015). [in Russian]
2. Dujsebekova ZH.M., Omarov S.K., Ajtkazina T.D. Oqu adebietterinin tiline, matindik zhane matinnen tys apparatyna qojylatyn psiholingvistikalık talaptar. Adistemelik nusqaulyk [Psycholinguistic requirements for the language, textual and extra-textual apparatus of educational literature. Methodical manual] (BMSO, Astana, 2022, 46 p.) [in Kazakh]
3. Dujsebekova ZH.M., Qurmanbajuly SH., Oku adebietterinin tiline, matindik zhane matinnen tys apparatyna qojylatyn psiholingvistikalık talaptar: teoriyasy men praktikasy. Uzhyndyk monografiya [Psycholinguistic requirements for the language, textual and extra-textual apparatus of educational literature: theory and practice. Collective monograph] (BMSO, Astana, 2022, 172 p.) [in Kazakh]
4. Abdigapbarova U., Amreeva T. Aktual'nost' formirovaniya kriteriev ocenki нравственно - cennostnyh aspektov obrazovatel'nyh resursov v sovremennyh usloviyah na primere etnokul'turnoj sostavlyayushchej [The relevance of the formation of criteria for assessing the moral and value aspects of educational resources in modern conditions on the example of the ethno - cultural component], *Pedagogika i psihologiya [Pedagogy and psychology]*, 1(50), 201-208 (2022). DOI: 10.51889/2022-1.2077-6861.21 [in Russian]
5. Oqulyqtar men oqu quraldarynyn zhubalaryn zhane olardyn elektronдық mazmunyn bagalau kriterijleri men tysindirmeleri. Tırkiya Respublikasynyn Ulttyq bilim ministrліgi [Criteria and explanations for evaluating projects of textbooks and teaching aids and their electronic content. Ministry of National Education of the Republic of Turkey]. [Electronic resource] – Available at: <https://ttkb.meb.gov.tr/www/ders-kitaplarinin-incelemesi/kategori/10> (accessed: 13.01.2023). [in Kazakh]
6. Koreyanyn oqu bagdarlamalary men bagalau instituty, zertteu tezisteri, oqu matinderinin oqulyyn bagalau dy zertteu [Korea Institute of Curriculum and Assessment, Research Abstracts, Study of Reading Assessment]. [Electronic resource] – Available at: <https://www.kice.re.kr/boardCnts/view>.

do?boardID=1500254&boardSeq= 5076398&lev=0&m=0302&searchType=S&statusYN=W&page=2&s=english (accessed: 12.01.2023). [in Kazakh]

7. Oqulyqtarga zhane elektronnyy oqu basylymdaryna qojylatyn talaptar men kriterijlerdi azirleudin halyqaralyq tazhibesin Qazaqstanda engizu bojynsha naqty qorytyndylary men usynystary bar taldau [Analysis with specific conclusions and recommendations on the implementation of the international practice of developing requirements and criteria for textbooks and electronic educational publications in Kazakhstan] (Konsorcium «SAVVI Biznes – Astana-kitap», 2020.) [in Kazakh]

8. Resej Federaciyasynyn Bilim ministrliги bastauysh zhalpy, negizgi zhalpy, orta zhalpy bilim berudin memlekettik akkredittelgen bilim beru bagdarlamalaryn iske asyruda pajdalanuga ruqsat etilgen oqulyqtardyn federaldy tizimin qalyptastyru tartibin bekitu turaly [Ministry of Education of the Russian Federation on approval of the procedure for the formation of a federal list of textbooks allowed for use in the implementation of state accredited educational programs of Primary general, basic general, secondary general education]. [Electronic resource] – Available at: [https://www.garant.ru/products/ ipo/prime/doc/403106744/](https://www.garant.ru/products/ipo/prime/doc/403106744/) (accessed: 08.01.2023). [in Kazakh]

9. 1-11 synyp aralygyndagy oqushylardyn tildik tulgasynyn psiholingvistikalyyq erekshelekterin anyqtauga arналған saualnama natizheleri [Results of a survey to identify psycholinguistic features of the linguistic personality of students in grades 1-11] (BMSO, Astana, 2021). [in Kazakh]

10. AAAS Project 2061. Textbook Evaluations. [Electronic resource] – Available at: <http://www.project2061.org/publications/textbook/> (accessed: 08.01.2023).

11. 1-11 synyp oqulyqtaryn psiholingvistikalyyq taldau natizheleri [Results of psycholinguistic analysis of textbooks of grades 1-11] (RGP BMSO, 2021). [in Kazakh]

12. Rukovodstvo po ocenivaniyu [Assessment Guide] [Electronic resource] – Available at: [www.cpi.nis.edu.kz](http://www.cpi.nis.edu.kz) (accessed: 02.02.2023). [in Russian]

#### Авторлар туралы мәлімет:

*Айтказина Т.Д.* – байланыс үшін автор, филология магистрі, Республикалық ғылыми-практикалық білім мазмұнын сараптау орталығы, Астана, Қазақстан.

*Мұқаметқали М.* – педагогика ғылымдарының кандидаты, Республикалық ғылыми-практикалық білім мазмұнын сараптау орталығы, Астана, Қазақстан.

*Омаров С.К.* – педагогика ғылымдарының кандидаты, Республикалық ғылыми-практикалық білім мазмұнын сараптау орталығы, Астана, Қазақстан.

*Жунусова Қ.З.* – химия ғылымдарының кандидаты, Республикалық ғылыми-практикалық білім мазмұнын сараптау орталығы, Астана, Қазақстан.

*Смакова Д.Р.* – Республикалық ғылыми-практикалық білім мазмұнын сараптау орталығы, Астана, Қазақстан.

*Aitkazina T.D.* – **Corresponding author**, Master of Philology, Republican Scientific and Practical Center for Educational Content Expertise, Astana, Kazakhstan.

*Mukametkali M.* – Candidate of Pedagogical Sciences, Republican Scientific and Practical Center for Educational Content Expertise, Astana, Kazakhstan.

*Omarov S. K.* – Candidate of Pedagogical Sciences, Republican Scientific and Practical Center for Educational Content Expertise, Astana, Kazakhstan.

*Zhunusova K. Z.* – Candidate of Chemical Sciences, Republican Scientific and Practical Center for Educational Content Expertise, Astana, Kazakhstan.

*Smakova D.R.* – Republican Scientific and Practical Center for Educational Content Expertise, Astana, Kazakhstan.